

*Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
Бағалы қағаздар нарығының субъектілерін қадағалау департаменті*

*Қазақстан Республикасының
жинақтаушы зейнетақы жүйесінің
азымдағы жағдайы*

2015 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша

Көлемі: 6 бет
Кестелер саны: 5
Графиктер саны: 3
Кезеңділігі: ай сайын жаңарту

2015 жыл

МАЗМҰНЫ

I. САЛЫМШЫЛАРДЫҢ (АЛУШЫЛАРДЫҢ) ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫ

1-кесте. БЖЗҚ салымшылары (алушылары)

2-кесте. Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтары

1-график. Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және зейнетақы жинақтарының өзгеру динамикасы

3-кесте. Зейнетақы төлемдері

II. РЕСПУБЛИКА ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ СЕКТОРЫНЫҢ РӨЛІ

4-кесте. Республика экономикасындағы зейнетақы секторының рөлін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіштердің динамикасы

2-график. ҚР экономикасындағы зейнетақы секторының рөлі

III. БЖЗҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

3-график. Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы

5-кесте. БЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

I. САЛЫМШЫЛАРДЫҢ (АЛУШЫЛАРДЫҢ) ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫ

1-кесте. БЖЗҚ-ның салымшылары (алушылары)

Бүгінгі күнде БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіби жарналарды, міндетті кәсіби зейнетақы жарналарын және ерікті зейнетақы жарналарын тартуды жүзеге асыратын жалғыз ұйым болып табылады.

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ерікті жинақтаушы зейнетақы қорлары, сондай-ақ ерікті зейнетақы жарналарын тартуға құқылы, алайда қазіргі кезде ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқару қызметін жүзеге асыруға лицензиялар берілген жоқ.

Жаңа салымшыларға (алушыларға) зейнетақы шоттарын ашуына байланысты 2015 жылғы 1 қазанда салымшылардың (алушылардың) міндетті зейнетақы жарналары бойынша жылдың басымен салыстырғанда 47 995 бірлікке немесе 0,5%-ға немесе міндетті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша 35 123 бірлікке немесе 10,7%-ға шоттарының санын ұлғаюы байқалады.

Нөлдік қалдығы бар жеке зейнетақы шоттарын жабуға және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға байланысты, жыл басынан бастап салымшылардың Қазақстан Республикасы аумағынан тыс шығуына байланысты ерікті кәсіби зейнетақы жарналарын қоса алғанда, ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) шоттарының саны 630 бірлікке немесе 1,6%-ға азайды және ұқсас күнге 39 304 бірлікті құрады.

Жинақтаушы зейнетақы қорлары салымшыларының (алушыларының) саны	1.01.15	1.10.15	Өсімі (%-бен)
міндетті зейнетақы жарналары бойынша	9 377 563	9 425 558	0,5
ерікті зейнетақы жарналары бойынша (оның ішінде ерікті кәсіби зейнетақы жарналары)	39 934	39 304	-1,6
міндетті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша	328 105	363 228	10,7


2015 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы жинақтары міндетті зейнетақы жарналары бойынша зейнетақы жарналары 812,2 млрд.теңгеге (18,1%), міндетті кәсіби зейнетақы жарналарын жарналары бойынша 27,5 млрд.теңгеге (104,6%), ерікті кәсіби зейнетақы жарналарын қоса алғанда ерікті жарналар бойынша 0,1 млрд. теңгеге (6,7%) ұлғайды.

Зейнетақы жинақтары, млрд. теңге	1.01.15	1.10.15	Өсімі (%-бен)
міндетті зейнетақы жарналары бойынша	4 490,0	5 302,3	18,1
ерікті зейнетақы жарналары бойынша (оның ішінде ерікті кәсіби зейнетақы жарналары)	1,5	1,6	6,7
міндетті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша	26,3	53,8	104,6

2-кесте. Салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтары

Зейнетақы жинақтарының көлемі	1.01.15	1.10.15	Өсімі (%-бен)
Зейнетақы жинақтары, млрд. теңгемен	4 517,8	5 357,7	15,1
Зейнетақы жарналары, млрд. теңгемен	3 686,3	4 193,6	13,8
«Таза» инвестициялық кіріс, млрд. теңгемен	990,5	1 425,5	43,9
Зейнетақы жинақтары сомасындағы «таза» инвестициялық кірістің үлесі, %-бен	21,9	26,6	4,7

1-график. Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және зейнетақы жинақтарының өзгеру динамикасы (2-кестеге) (млрд.теңге)



Осылайша, салымшылардың (алушылардың) зейнетақы жинақтары 2015 жылдың басынан бастап 839,8 млрд. теңгеге (18,6%) ұлғайып және 2015 жылғы 1 қазанда 5 357,7 млрд. теңге болды.

3-кесте. Зейнетақы төлемдері

Көрсеткіштің атауы / күні	(млрд. теңге)		
	1.01.15	1.10.15	Өсімі (%-бен)
Зейнетақы төлемдері	529,6	632,9	19,5
оның ішінде, зейнетақы аннуитеті шартына сәйкес алушылардың зейнетақы жинақтарын сақтандыру ұйымдарына аудару	97,0	110,3	13,7


Зейнетақы төлемдері 2015 жылдың 9 айында 103,3 млрд. теңге немесе 19,5%-ға ұлғайып, 2015 жылғы 1 қазанда 632,9 млрд. теңге болды.

II. ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЛАРЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТИІМДІЛІГІ. РЕСПУБЛИКА ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ СЕКТОРЫНЫҢ РӨЛІ

4-кесте. Республика экономикасындағы зейнетақы секторының ролін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіштердің динамикасы

Көрсеткіштің атауы / күні	1.01.15	1.10.15
ЖІӨ млрд.теңге	38 711,9*	41 307,6†
Зейнетақы жинақтарының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	11,7	13,0
Зейнетақы жарналарының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	9,5	10,2
«Таза» инвестициялық кірістің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	2,6	3,5

2-график. ҚР экономикасындағы зейнетақы секторының рөлі




Жыл басынан Республика экономикасында зейнетақы секторының ролін сипаттайтын салыстырмалы көрсеткіштерінің, атап айтқанда зейнетақы жинақтарының ЖІӨ-ге 11,7% бастап 13,0% дейін, зейнетақы жарналарының ЖІӨ-ге 9,5 бастап 10,2% дейін, «таза» инвестициялық кірісінің ЖІӨ-ге 2,6 бастап 3,5% дейін қатынасының ұлғаюы байқалады.

III. БЖЗҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

3-график. Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы

2015 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша БЖЗҚ зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі 2015 жылдың басынан 844,2 млрд. теңгеге немесе 18,7%-ға ұлғайып, 5 363,7 млрд. теңге болды.



2014 жылғы 1 қазан – 2015 жылғы 1 қазан аралығындағы кезеңде зейнетақы активтерінің орташа айлық ұлғаюы 88,9 млрд. теңге болды.

* ҚР Ұлттық экономикалық министрлігінің оперативті деректері

† ҚР Ұлттық экономикалық министрлігінің болжам деректері

5-кесте. БЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	(млрд. теңге)			
	1.01.15		1.10.15	
	млрд. теңге	%-бен	млрд. теңге	%-бен
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде	1 967,3	45,3	2 337,6	44,7
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	1 961,8	42,1	2 187,9	41,8
Ұлттық Банктің ноттары	0,0	0,0	149,7	2,9
жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары	5,5	0,1	0,0	0,0
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	151,3	3,5	192,8	3,7
акциялар	9,0	0,2	11,1	0,2
облигациялар	142,3	3,3	181,7	3,5
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	82,5	1,9	84,6	1,6
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	74,3	1,7	69,8	1,3
Тазартылған алтын	0,0	0,0	0,0	0,0
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде	1364,9	31,4	2 159,1	41,3
акциялар	145,5	3,3	103,0	2,0
облигациялар, оның ішінде:	1 219,4	28,1	2 043,5	39,1
шетел валютасында номинирленген	271,9	6,3	449,1	8,6
теңгеде номинирленген	947,6	21,8	1 594,4	30,5
ноттары	0,0	0,0	12,6	0,2
Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар	710,2	16,3	388,2	7,4
Туынды қаржы құралдары	-4,5*	-0,1	0,0	0,0
Жиынтығы	4 346,0	100,0	5 232,1	100,0

2015 жылғы 1 қазандағы БЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелінің негізгі үлесіне бұрынғыша ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары және ҚР эмитенттерінің корпоративтік бағалы қағаздары ие (БЖЗҚ осыған ұқсас күнгі инвестициялық зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 44,7% және 41,3% тиісінше).

Өз кезегінде, шетел эмитенттерінің бағалы қағаздарына инвестициялар көлемі 347,2 млрд. теңгені (яғни, шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары және шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары) немесе инвестициялық зейнетақы активтері көлемінің 6,6%-ын құрайды. Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар үлесіне 7,4% немесе 388,2 млрд. теңге келеді.

* портфельде туынды қаржы құралының (келісім-шарт) бағасы және базалық активтің ағымдағы нарықтық бағасы арасындағы айырма ғана көрсетілетініне байланысты мәні теріс болып табылады